

2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы N 04/02 қаулысы. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 наурызда N 8-6-135 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 мамырдағы N 12/33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2012.05.30 N 12/33 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес, нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарды жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындарын ішінара өтелетін жұмысқа орналастыру мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес, 2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Т.Ғ.Қапарова), "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі (Ашықбаев Қ.Б.) бекітілген тізбеге сәйкес жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру туралы шарт ж а с а с ы н .

3. "Сәтбаев қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е.Х. Сәкеев) әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруды қала бюджетінде тиісті жылға қарастырылған қаржы шегінде жүргізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары М.С.Мәдиеваға жүктелінсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б.Д. Ахметов

Өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес, 2012 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілерінің тізбесі

Р N	Жұмыс беруші	Кәсіп (лауазым)	Ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орынның саны	Айлық жалақы мөлшері (теңге бойынша)	Жұмыстың (ай бойынша) ұзақтығы	Мемлекеттік бюджеттен қаражатынан өтелетін айлық жалақының көлемі (теңге бойынша)
1	"Көмек" жекешелендірілген пәтерлер тұтыну кооперативі	дәнекерші	1	34719,5	6	26000
		сыпырушы	1	34719,5	6	26000
		сылақшы - майлаушы	1	34719,5	6	26000
2	"Серебряная нить" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тігінші	3	34719,5	6	26000
3	"Қайсар" жекешелендірілген пәтерлер тұтыну кооперативі	сыпырушы	2	34719,5	6	26000
		дәнекерші	1	34719,5	6	26000
4	"Қуаныш" жекешелендірілген пәтерлер тұтыну кооперативі	кассир	1	34719,5	6	26000
		дәнекерші	-	34719,5	6	2 6 0 0 0
		сантехник	1	34719,5	6	26000
		пісіруші	1	34719,5	6	26000
5	"Изумруд" жекешелендірілген пәтерлер тұтыну кооперативі	сыпырушы	1	34719,5	6	26000
		балташы	2	34719,5	6	2 6 0 0 0
		дәнекерші	-			
		сантехник	1	34719,5	6	26000
		пісіруші	3	34719,5	6	26000
6	Акционерлік қоғам "Сәт Сәулет"	шебер	1	52000	1 2	1-6 ай - 2
		менеджер-экспедитор	1	52000	12	7-9 ай - 15600
		есепшінің көмекшісі	1	52000	12	10-12 ай - 7800
7	Жеке кәсіпкер Ахметова Г.О.	дүкенші	1	52000	12	1-6 ай - 26000
		бөлшектеп салушы	1	52000	12	7-9 ай - 15600 10-12 ай - 7800

